**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 шілдедегі № 814 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурс өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

| | |
|---|---|
| Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға |
| Тәшенов Бақытбек Хәкімұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік активтерді басқаруды және банкроттық рәсімдерді жоспарлау және оның әдіснамасы, тиісті бюджеттік бағдарламаларды талдау мен бағалау департаментінің директоры, төрағаның орынбасары |
| Құсайынов Марат Әпсеметұлы | - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі |
| Біртанов Есжан Амантайұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Сәтқалиев Молдағали Әбдіғалиұлы | - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Сағиев Ильдар Ізтұрғанұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің сектор меңгерушісі (келісім бойынша) |
| Ахметов Рашит Сайранұлы | - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Қосмамбетов Төлебек | - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |

Байғожина Айгүл Мырзатайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары.

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2011 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2011 - 2012 жылдардағы жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазын анықтасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК